



# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНИК КАЗАХСТАНА

РЕСПУБЛИКАНСКАЯ ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКАЯ ГАЗЕТА
ИЗДАЕТСЯ С 12 МАЯ 1931 ГОДА

№30-31 (2638-2639)
07/05/2021




## РАБОЧАЯ ВСТРЕЧА С ГЛАВОЙ ГОСУДАРСТВА

**Президент Казахстана Касым-Жомарт Токаев принял председателя правления АО «НК «Қазақстан темір жолы» Нурлана Сауранбаева и был проинформирован о текущей деятельности национальной компании и реализуемых проектах.**

**Асель ШАЙХЫНОВА**
Нур-Султан

Как сообщил Нурлан Сауранбаев, несмотря на пандемию, объем грузооборота в первом квартале 2021 года составил 53,3 миллиарда тонно-километров, что соответствует уровню аналогичного периода прошлого года. За январь-март текущего года на сети АО «НК «ҚТЖ» погружено более 60 миллионов тонн грузов, что на 2% больше по сравнению с аналогичным периодом прошлого года. Внутри страны перевезено свыше 40 миллионов тонн груза. Этот показатель вырос на 3% к уровню прошлого года. Также было сообщено, что после проведенных переговоров решена проблема долгопростаивающих крытых вагонов на пограничных переходах Алашанькоу – Достык и Хоргос – Алтынколь.

Вместе с тем, из-за пандемии снизились объемы пассажирооборота (-19,5% за 4 месяца 2021 года по сравнению с аналогичным периодом 2020 года).

Также руководитель АО «НК «ҚТЖ» рассказал о проводимой работе по развитию транзитного потенциала (в том числе транзитных контейнерных перевозок в направлении КНР – ЕС – КНР), по обновлению парка вагонов и локомотивов, проектах по модернизации магистральной железнодорожной сети, а также цифровой трансформации и принимаемых мерах финансовой устойчивости компании.

По итогам встречи Глава государства дал ряд конкретных поручений.

*Фото с сайта www.akorda.kz*

### Құрметті әріптестер!

*Сіздерді Ұлы Отан соғысындағы Жеңіс күнімен және Отан қорғаушылар күнімен шын жүректен құттықтауға рұқсат етіңіздер!*

*Әкелеріміз бен аталарымыздың арқасында біз бүгін бейбіт аспан астында өмір сүріп, қуатты мемлекет құрудамыз, болашаққа нық сеніммен қараймыз.*

*Отан қорғаушыларымыздың ерліктері мәңгі есте қалады және болашақ ұрпақ үшін шексіз табандылықтың, жанқиярлықтың, мызғымас ерік-жігер мен өмірлік күш-жігердің үлгісі болады!*

*Теміржолшылардың істері мен табандылықтары бейбітшілік пен келісімді сақтауға, компаниямыздың тұрақты дамуы мен өркендеуін қамтамасыз етуге қызмет ете береді.*

*Бақыт, өркендеу, рухтың беріктігін және жаңа жетістіктер тілеймін!*

***Нұрлан САУРАНБАЕВ,***
***«ҚТЖ» ҰК» АҚ***
***Басқарма төрағасы***

**Аскар МАМИН,**
Премьер-министр РК:



«КАЗАХСТАН УДЕЛЯЕТ ОСОБОЕ ВНИМАНИЕ ПОВЫШЕНИЮ СВОЕГО ТРАНСПОРТНО-ЛОГИСТИЧЕСКОГО ПОТЕНЦИАЛА. ДАЛЬНЕЙШЕЕ РАЗВИТИЕ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ, УВЕЛИЧЕНИЕ ОБЪЕМОВ ТОРГОВЛИ И ТРАНЗИТА В РЕГИОНЕ ЯВЛЯЮТСЯ ДЛЯ НАС ОЧЕНЬ ВАЖНЫМИ И ПРИОРИТЕТНЫМИ ЗАДАЧАМИ»

### САНДАР СӨЙЛЕЙДІ

ҮСТІМІЗДЕГІ ЖЫЛДЫҢ БІРІНШІ ТОҚСАНЫНДА ЖОЛАУШЫЛАР ПОЙЫЗЫНА
**3 300 000**
ЖУЫҚ БИЛЕТ САТЫЛҒАН

БИЫЛ МАУСЫМ АЙЫНДА ТЕМІРЖОЛДАР ЫНТЫМАҚТАСТЫҒЫ ҰЙЫМЫНА
**65**
ЖЫЛ ТОЛАДЫ.

АҒЫМДАҒЫ ЖЫЛДЫҢ ТОҚСАН КҮНІНДЕ ТЕМІРЖОЛҒА ЖАҚЫН ОРНАЛАСҚАН ТҰРҒЫНДАРМЕН ҚАУІПСІЗДІКТІ САҚТАУҒА ҚАТЫСТЫ
**840**
АСТАМ ПРОФИЛАКТИКАЛЫҚ ШАРАЛАР ЖҮРГІЗІЛДІ.

**Тағзым**

## ЕЛ ҚОРҒАУ – ЕРДІҢ ІСІ

**Бүгін Қазақстан халқы еліміздегі ең маңызды мерекелердің бірі – Отан қорғаушылар күнін атап өтуде. Бір күннен соң Ұлы Жеңістің 76 жылдығы. Ел қорғау, Отан қорғау – ердің ісі. Соғыс кезінде болсын, бейбіт заманда болсын Отан үшін отқа түсуге дайын батырларына лайықты құрмет көрсету – теміржол саласында қалыптасқан дәстүр.**

**Сұлугүл БАКЕСОВА,**
Нұр-Сұлтан

Еңбек және әлеуметтік қорғау министрлігі алға тартқан деректерге сүйенсек, қазіргі таңда Қазақстанда от пен оқтың ортасынан оралған Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің саны 665 адамды құрап отыр. Ал бұл көрсеткіш 2020 жылы 1025 ардагерді құраған еді. Сонда бір жыл ішінде соғыс жауынгерлерінің жартысынан көбінің марқұм болғанын көреміз. Олардың қатарында теміржолшы-ардагерлеріміздің де қатары күн санап сиреп бара жатқанын көзіміз көріп отыр...

Ұлы Жеңіс мерекесі қарсаңында бүгінде «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясының орталық аппараты мен өңірдегі филиалдарында ҰОС ардагерлеріне азық-түлік салынған себеттер мен шоқ гүлдерді мереке иелерінің үйлеріне апарып беру шарасы басталған. Соңғы екі-үш жылда қарт жауынгерлердің басын қосып, бұрынғыдай мерекелік шеру ұйымдастыруға, біріншіден, ҰОС ардагерлерінің денсаулығы мен жүріп-тұруының қиындауы себеп болса, екіншіден, қазіргі пандемия жағдайы да мұрсат бермейді. Алайда, Ұлттық компания Ұлы Отан соғысында Жеңіс сыйлаған қарт жауынгерлерін құрмет пен сыйдан кенде қылмақ емес. Қарттар күнінде, Теміржолшылар күнінде құттықтап, қолдан келген көмектерін жасап тұрады. Өткен жылы бастау алған «Жеңіс» жобасы шеңберінде теміржолшы жастар ардагерлердің үйлеріне дәрі-дәрмек, азық-түлік, тағысын тағы қажеттіліктерін жеткізіп беріп, көмек қолдарын созып жатқалы екінші жыл. Бұл жоба биыл да жалғасын табуда.

Тағы бір атап өтерлігі, жұмыс беруші, яғни «ҚТЖ» ҰК» АҚ мен еңбеккерлер арасында жасалған Ұжымдық келісімшартта да зейнетке шыққан теміржолшылармен қатар ҰОС ардагерлері мен оларға теңестірілген еңбеккерлерге көрсетілетін әлеуметтік көмектер тайға таңба басқандай айқын жазылған. Бұл туралы «Қазкөліккәсіп» ҚБ өкілі Нұрлан Нұрпейісов:

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамы мен оның еңбек ұжымы арасындағы 2021-2023 жылдарға арналған ұжымдық шарттағы 8-ші бөлім Компания зейнеткерлеріне әлеуметтік пакет деп аталады. Онда Жеңіс күнін тойлау қарсаңында, Ұлы Отан соғысына, Қатынас жолдары халық комиссариаттарының арнайы құрылымдарына қатысушы болып табылатын зейнеткерлерге 30 АЕК мөлшерінде материалдық көмек көрсету; Орналасқан жері Ресей Федерациясының аумағындағы Компанияның филиалында есепте тұрған зейнеткер-теміржолшыларға материалдық көмек Қазақстан Республикасы бойынша белгіленген АЕК-ке баламада, рубльмен көрсетілетіні жазылған. Сонымен қатар Компанияда есепте тұрған Ұлы Отан соғысының ардагерлерін, яғни бір ардагерге айына 50 кВт есебінен тұтынылған электр энергиясы мөлшерінде ай сайын материалдық көмек көрсету қарастырылған, – дейді.

Сонымен қатар Ұжымдық шартта жыл сайын Отан қорғаушы күнін мерекелеуге орай Компанияда есепте тұрған Компанияның зейнеткерлері – Чернобыль АЭС-індегі апат салдарларын жоюға қатысушыларға және ҰОС қатысушыларына теңестірілген (әскери қызметін Ауғанстанда немесе оларда соғыс іс-қимылдары жүргізілген мемлекеттерде өткізген) зейнеткерлерге 15 АЕК мөлшерінде бір жолғы материалдық көмек көрсетуге міндеттеме алатыны айтылған.

### Уважаемые труженики стальной магистрали и ветераны!

*День Победы – это священный и по-настоящему всенародный праздник. Ведь война затронула практически каждую казахстанскую семью. Поэтому мы никогда не забудем подвиг наших соотечественников, проявивших беспримерное мужество на полях сражений.*

*Низкий поклон Вам за мирное небо, героический труд и веру в Победу!*

*В годы войны на долю железнодорожников выпало немало вызовов и испытаний. Под вражескими обстрелами поезда эвакуировали в тыл страны население, промышленность и культурные ценности. Большинство предприятий железнодорожного транспорта начали выпускать продукцию для нужд фронта, а на дорогах велась работа по увеличению скоростей и веса поездов с грузами, направляемыми в прифронтовые районы.*

*Мы гордимся подвигом наших ветеранов и от всей души желаем им, а также всем коллегам-железнодорожникам крепкого здоровья, энергии и благополучия.*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель***
***ОО «КАЗПРОФТРАНС»***

## РЕМОНТ ИДЕТ ПО ПЛАНУ

**В течение 2021 года по сети АО «НК «ҚТЖ» капитально отремонтируют порядка 600 километров железнодорожного полотна. На сегодняшний день проведен капитальный ремонт 84,7 километра пути.**

Работы по ремонту пути ведутся в плановом режиме. В связи с чем скорость поездов на определенных участках может быть ограничена и отличаться от предусмотренной графиком.

Модернизация инфраструктуры АО «НК «ҚТЖ» способствует повышению безопасности движения, а также увеличению скорости пассажирских и грузовых поездов.

К настоящему моменту капитально отремонтировано порядка 85 километров пути. Усиленный средний ремонт выполнен на 14,6 километра железнодорожного полотна. Сплошная смена рельсовой опоры произведена на 34,5 километра и колеи на – 4 километрах.

Для выполнения ремонтных работ используются высокопроизводительные машины тяжелого типа: выправочно-подбивочная машина Duomatic, стабилизатор пути DGS, щебнеочистительная машина RM и другие.

В целом в 2021 году капитальному ремонту подвергнутся более 580 километров железнодорожного пути. Наибольший объем работ запланирован на участках Карагандинского и Жамбылского отделений магистральной сети.

*Роман ЛЮБИМОВ, Нур-Султан*

№30-31 (2638-2639) 07/05/2021

## БІЛІМ ДЕҢГЕЙЛЕРІН БАЙҚАТТЫ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

**Дүниежүзілік еңбек қорғау күні қарсаңында Қызылорда ЖТ бөлімшесінің осы салада атқарылған жұмыстар қорытындысы нәтижеленіп, үздіктер марапатталды. Қауіпсіздікті арттыру мақсатында жүргізілген түрлі форматтағы жұмыстар ZOOM форматында қорытындыланды.**

«Дағдарысты алдын ала болжау арқылы оның алдын алу дайындығын арттыру және жауап беру-еңбек қорғаудың тұрақты жүйесіне инвестиция салу» деген тақырыпта өткізілген вебинарға Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Күлхан Белкібаев төрағалық етіп, бөлімшедегі барлық жауапты мамандар қатысты. Жиынға бөлімшеге қарасты станция-бекеттердің басшылары, Қазалы вагон пайдалану депосының, Қызылорда мен Сексеуіл локомотив пайдалану деполарының жауапты мамандары да қатысты.

– Облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы мен ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау және көші-қон комитетінің тапсырмасына сәйкес zoom форматында өткен жиын барысында өткізілген викториналық, теориялық, практикалық сабақтар, пысықтау сауалдарына бір кісідей қатысып, нақты жауап берген әріптестер білім деңгейлерінің жоғары екенін байқатты. Жыл бойы нәтижелі жұмыс атқарған мамандардың аты аталып, бөлімше басшылығы атынан құрметке бөленді, – деді Қызылорда ЖТ бөлімшесінің өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің бөлім басшысы Ғалия Көпжасарова.

Мараптқа ие болғандар арасында еңбек қорғау және техника қауіпсіздігі жетекші маманы Зәуре Күзенбаева мен ҚжЕҚ инженер-технологы Қуаныш Оспанов, инженер-технолог Айжан Айбатова «Қауіпсіздік және еңбек қорғауда үздік маман» номинациясын иеленсе, ТЧЭ-34 локомотив депосының сектор меңгерушісі Әзимхан Жиенбав, ВЧД-6 вагон депосының сектор меңгерушісі Орынбай Ділжанов «ҚжЕҚ үздік басшысы» аталымына ие болды. Қауіпсіз жұмыс орнын ұйымдастыра біліп, сенім сертификатын иеленген Сексеуіл станциясының бастығы Сапарғали Салмаев пен Сексеуіл локомотив пайдалану депосының бастығы Жангелді Төрединов әріптестерінің алдында құрметке бөленді.

Сонымен қатар осы күні zoom форматында тағы бір жиынды кәсіподақ федерациясы мен «Altin enbek» ЖШС бірлесе өткізіп, қауіпсіздікті сақтау шаралары күшейтілген режимде жүргізілетіндігі тағы бір мәрте еске салынып, бұл бағыттағы жұмыстарды босаңсытуға болмайтыны ескертілді.

## ҚАУІПСІЗДІК БӘРІНЕН ҚЫМБАТ

**Шахида ЖҰМАН,**
Маңғыстау

**Маңғыстау вагон пайдалану депосы кәсіподақтың ұйытқы болуымен Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай бірқатар ауқымды шара өткізді. Оның ішінде қауіпсіздік, біліктілік сайысы, депоға қарасты нысандардың еңбекке қолайлылық жағдайына байқау, сенбілік, т.б жұмыстар бар.**

Депо ұжымы бұл күні өндірісте қаза болған әріптестерін бір минут үнсіздікпен еске алып, рухына тағзым етті. Оның отбасына қайырымдылық көмек көрсетті. Мүгедектікке ұшыраған әріптестерінің қал-жағдайымен танысып, қолғабыс жасады.

Сондай-ақ, депода еңбекті қорғау күніне орай алдын ала бірнеше байқау жарияланған болатын. Сол байқаулар нәтижесі шығарылып, жеңімпаздар марапатталды. «Үздік ТҚКП» аталымы бойынша Бейнеу станциясындағы ТҚКП бірінші орын алды. Оған қоса бейнеулік вагон қараушылардың бірі Қ.Лұқманов «Қоғамдық еңбек қорғау инспекторы» төсбелгісін тақты. Ал еңбек қорғау күніне байланысты депо жұмысшылары арасында еңбек қорғау және техникалық қауіпсіздік бағытында викториналық ойындардағы нәтижесі үшін А.Андаев арнайы номинация бойынша жүлде алды.

«Үздік ТҚКП» байқауының екінші орны Маңғыстау станциясындағы ТҚКП-не, үшінші орын Сай-Өтес станциясындағы және Шетпе станциясындағы ТҚКП-не бұйырды. Сонымен қатар, жұмыс орны және нысан аумағының талапқа сәйкестігін сақтап, еңбек қорғауға қосқан жеке үлесі үшін екі техникалық инспектор марапатталды.

– Басты мақсат – жұмысшылардың еңбек барысында жарақатсыз, өміріне қауіпсіз еңбек жағдайын қамтамасыз ету. Жазатайым оқиғалардың алдын алу. Осы тұрғыда атқарылған жұмыстың бірі – 2012 жылы Өзен станциясында вагон қараушы К.Саткуловпен жазатайым жағдай орын алған жер жұмысшыларға көрсетіліп, оқиғаның мән-жайы талданып, түсіндірілді. Қашанда бақытсыз жағдай өз-өзінен болмайды. Оған бір себеп табылады. Сол себеппен күресуіміз керек. Өкінішке орай, біздің депода 2005 жылы өндіріс барысында бір адам қайтыс болған. Сондықтан аталғандай жағдайлардың алдын алу үшін барлық талаптарды сақтап, білім деңгейімізді көтеріп жүруіміз керек. Депода бұл бағытта жұмысшылардың еңбек жасауына жағдай жоғары деңгейде қамтамасыз етілген. Өндірістік жарақат алуды төмендету, вагон депосы жұмысшыларының денсаулығы мен өмірін сақтау басты назарда, қауіпсіздік бәрінен қымбат, – дейді депоның бас инженері, депо бастығының уақытша міндетін атқарушы Құбайдұлла Дүзікбаев.

# 28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күні

## БАСТЫ ҚҰНДЫЛЫҚ – АДАМ ӨМІРІ

**Халықаралық еңбек ұйымы кең ауқымды проблемаларға әлем жұртшылығының назарын аудартып, еңбекті қорғаудың мәдениетін құру және ілгерілету, жұмыс орнында жыл сайын болатын мертігудің кемуіне ықпал ету мақсатында 28 сәуірді Дүниежүзілік еңбек қорғау күні ретінде жариялады.**

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент



Биыл Дүниежүзілік еңбек қорғау күні «Дағдарысты алдын ала болжау және оған дайын болу – еңбекті қорғаудың барабар жүйелеріне инвестициялау» тақырыбы бойынша өтіп жатыр. Осыған орай, Шымкент жүк тасымалы бөлімшесінде өндірісте қаза тапқан немесе жарақат алған теміржолшыларды еске алуға арналған бірқатар іс-шаралар ұйымдастырылды. Тақырыпқа сай Шымкент бөлімшесіне қарасты мекемелерде аншлагтар ілініп, өндірістегі жазатайым оқиғаларды болдырмауға, сондай-ақ еңбекті қорғауды ілгерілетуге арналған ақпараттық-түсіндіру жұмыстары жүргізілді.

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі өндірістік қауіпсіздік және экология қызметінің бөлім басшысы Сәуле Дүйсебекованың айтуынша, құрылымдық бөлімшенің барлығында өндірісте қаза тапқан теміржолшыларды бір минут үнсіздікпен еске алды. Сондай-ақ өндірістегі жұмыс барысында мүгедек болып қалған теміржолшылар мен қаза тапқандардың отбасына барып жағдайларын сұрап, кәсіподақ комитетінің ұйытқы болуымен оларға сыйлықтар мен азық-түліктер берілді. Еңбек қорғауда үздік көрсеткішке жеткен қызметкерлер марапатталды.

Айта кетейік, Шымкент ЖТ бөлімшесінің басшылығы мен кәсіподақ комитеті осы жылдың I тоқсанында еңбекті қорғау бойынша жұмысты үздік ұйымдастыруға станциялар арасында байқау жариялаған болатын. Станция басшылары арасында Арыс станциясының бастығы Бөгенбай Тоқсейітов, Шымкент станциясы бастығының міндетін атқарушы Мақсат Айдарбеков, Текесу станциясы бастығының міндетін атқарушы Хайролла Сәрсенов құрмет грамоталарымен марапатталды. Сондай-ақ, Бадам станциясының кезекшісі Нұралхан Әбдіров, Ынтымақ станциясының кезекшісі Қайрат Тастанбеков, Көктерек станциясынан Нұрымбет Қадырқұлов, Түркістан станциясынан Рүстем Шәріпов, Шеңгелді станциясынан Сәрсенбек Өмірбаев, Сарыағаш станциясының 1 санатты инженер-технологы Ақмарал Байғонова, Манкент станциясының тауар кассирі Наталья Понbackenko, Арыс станциясынан Үсен Оразымбетов, Түлкібас станциясынан Лесбек Әбиболлаұлы сынды теміржолшылар да қауіпсіз еңбек ахуалын сақтағаны үшін марапатқа ие болды. Жалпы, бұл күні еңбек қорғаудағы ең басты мақсат адам өмірі мен денсаулығы екенін әрбір жұмысшыға жеткізу көзделді.

«Осы ретте өндірістік жарақаттану жағдайлары орын алған жерлерге баруға, қауіп-қатерлерді бағалауға және қазіргі қауіпсіздік шаралары талаптарға сай келетін, ал қосымша шаралар енгізу қажет болатын жерлерді шешуге тырыстық. Өндірістегі жазатайым оқиғалардың және кәсіби сырқаттанушылықтың алдын алудың маңыздылығына, өндірістік және технологиялық тәртіпті сақтауға назар аударылды. Ал бөлімшеге қарасты барлық жұмыс орындары мен станция аумағы санитарлық нормаларға сәйкес келтірілді. Барлық теміржолшылар өздерінің жұмыс орны мен ғимарат аумағын тазартып, сенбілік өткізді», – деді Сәуле Дүйсебекова.

*Суретті түсірген автор*

## СЫН-ПІКІРЛЕР ДЕ ЕСКЕРІЛДІ

**28 сәуір – Дүниежүзілік еңбек қорғау күніне орай Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде арнайы шара өтті. Карантин талаптарын ескере отырып, әр ұжымнан санаулы адам қатысқан жиында қауіпсіз еңбек үлгісін көрсете білгендер марапатталды.**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау




«Қазіргі таңда бөлімше еңбек қауіпсіздігі сақталуы бойынша алдыңғы қатардан көрініп келеді. Қауіпсіз еңбекті қамтамасыз етуге әр теміржолшының, яғни сіздердің қосқан үлестеріңіз зор» деген бөлімше басшысы Д.Құланбаев теміржолшылардың еңбектеріне жеміс, отбасыларына амандық тіледі. Еңбек қорғауда үлгілі жетістікке жеткен теміржолшылар қатарында пойыз құрастырушы, вагондар жылдамдығын реттеуші, жүк қабылдап-тапсырушы, еңбек қорғау инженері, т.б. аты аталып, лайықты марапатын алды. Кәсіподақ ұйымының қолдауымен оларға Алғыс хат пен бағалы сыйлық табысталды. Олардың көпшілігі – 15-20 жылдан жоғары еңбек өтілі бар тәжірибелі мамандар. Мәселен, Атырау станциясы вагондар жылдамдығын реттеуші М.Құлбарақов, Махамбет станциясының еңбек қорғау инженері Р.Шамарова, Ақжайық станциясының пойыз құрастырушысы Қ.Бақтығазиев, Махамбет станциясының жүк қабылдап-тапсырушысы М.Төлесинова, т.б. теміржолшылар – еңбек қорғау мәселесінде қатаң тәртіпті басшылыққа алып, өз істерімен кейінгі буынға үлгі де болып жүрген мамандар.

Осындай құрметке Мақат, Ганюшкино, Сағыз, Құлсары станцияларының қызметкерлері де ие болып, оларға марапат өз еңбек ұжымдарында табыс етіледі. Еңбек қорғау күніне орай өткен шара барысында арнаулы киімдер мен қорғаныс құралдары үлгілері де қойылып, олардың қолдану мерзімі, жарамдылығы, қолайлы-қолайсыздығы жөнінде айтылып, ол жөніндегі жұмысшылардың сын-пікірлері мен ұсыныстары да тыңдалды. Жұмысшылардың айтуынша, жері сыз, тұзды өңірде аяқ киімнің табаны қалың болғанын дұрыс санайды, өйткені жерден өткен ызғар аяқты тез тоңдырады және бәтеңкелер тозып, жыртылып қалады. Ал қонышты бәтеңкелердің жылуы мен төзімділігі жақсы екен. Жалпы, арнаулы киімдер сапасы жылдан-жылға жақсарып келеді дейді теміржолшылар. Сонымен қатар, өзара пікір алмасу барысында қазіргі уақыттан бастап өндірістегі жазатайым оқиғаларды естірту, хабарлау мобильдік қосымшалар арқылы жүзеге асатындығы да айтылды. «Сол арқылы жұмысшылар қай жерлерде қандай оқиғалар болып жатқанын біліп отырады» дейді бас инженер Б.Картан.

Биылғы жылдың алғашқы тоқсаны бойынша Атырау жүк тасымалы бөлімшесінде өндірістік жарақат алу жағдайы болмаған. Еңбек жағдайы мен қауіпсіздікті арттыру бағытындағы кешенді жоспар талапқа сай орындалып келеді. Станцияларда «Қауіпсіздік диалогы», «Өндірістік қауіпсіздіктің он екі негізгі ережесі», «Хенрих травматизмінің пирамидасы» тақырыптарында көрнекі жадынамалар ілінген. Ал жазғы-қысқы арнаулы киіммен және арнайы қорғаныс құралдарымен бөлімше жұмысшылары 100 пайыз қамтамасыз етілген.

*Суретті түсірген автор*

## КЕМШІЛІККЕ КЕҢШІЛІК ЖОҚ




**Теміржол саласындағы маңызды науқандардың бірі – көктемгі байқау Жамбыл теміржолы бөлімшесінде мәресіне жетіп, нәтижесі жария болды. Тексеру-бақылау комиссиясының жұмысы бірқатар кемшіліктердің бетін ашты.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Жамбыл облысы

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің директоры Үмітбек Рысбековтің айтуына қарағанда, станциялар мен дистанциялардың, деполардың көктемгі шаруаға дайындығы, күнделікті тыныс-тіршілігі қалыпты деуге негіз бар. Теміржолшылар бір жылдан бері үдеп тұрған пандемиялық ахуалға қарамастан, карантин режимін сақтай отырып, сондай жанкештілікпен және белсенді еңбек етуде.

– Дегенмен, ғимараттарды, құрылыстарды, техникалық құрылғыларды күтіп ұстау мен пайдалануда, нормативтік-техникалық құжаттарды жүргізуде, желілік деңгейдегі басшылардың жеке қатысу нормативтерін орындауда, сондай-ақ өндірістік үдерістер технологиясын орындауда бұзушылықтар мен кемшіліктерге жол беру фактілері де жоқ емес. Нақтылай айтатын болсам, тексеру шаралары Құмшағал, Аса, Қаратау (Тамды), Ақшолақ, Кемер, Қиякты, Бурылбайтал, Науалы станцияларының, Жамбыл вагон пайдалану депосының, Жамбыл локомотив пайдалану депосының басшылығы қозғалыс қауіпсіздігін және еңбекті қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша жеке қатысу нормативін жүргізудің сапалы орындалмайтындығын көрсетті. Олардың қызметкерлері өздерінің лауазымдық міндеттерін орындау бойынша білімдерінің төмендігін байқатты. Олар көктемгі тексеру кезінде станциялар мен кәсіпорындарды толыққанды даярлауды ұйымдастыра алмады, – деп атап өтті Үмітбек Есмұратұлы.

Бұдан бөлек, Құмшағал, Қиякты, Қаратау станцияларының басшылары теміржолшылардың арнайы киімдерінің есебін жүргізбеген және олардың нысанды карточкалары жоқ. Құмшағал, Тамды, Аса, Ақшолақ, Құлакшын, Бурылбайтал станцияларындағы, 3754 шақырымдағы блок пост бұрышындағы еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау жөніндегі нұсқаулықтар жаңартылмаған. Тағы да Құмшағал, Ақшолақ, Қиякты станцияларының басшылары қызметкерлердің арнайы киімдерін, нормативтік құжатқа сай қолданылуын бақылауда ұстамаған. Кемер, Науалы станцияларында нұсқаулықтар, кезектен тыс техникалық сабақтар орындалмайтыны белгілі болған.

– Сонымен қатар, биылғы көктемгі комиссиялық тексеруді өткізуге Тараз, Шөлдала, Маймақ, Бурыл, Темекібұлақ, Түрксіб, Үшбұлақ, Шоқпар, Еспе, Шу, Бірлік-1, Хантау, Қашқантеңіз, Жастар станцияларының ұжымдары жоғары дайындықпен келгенін де атап өтуіміз қажет, – деді Ү.Рысбеков.

Қозғалыс қауіпсіздігі департаментінің Жамбыл аймағы бойынша бас ревизордың орынбасары Медет Жұмырбаев көктемгі тексеру барысында 1 723 ескерту анықталғанын жеткізді. Оның ішінде 142-сі қозғалыс саласы, жүк тасымалына қатысты болса, 112-сі вагон пайдалану депосынан анықталған. 861 ескерту жол дистанциясына тиесілі, 213-і дабыл және сигнализация қызметіне қатысты, 293-і электрмен қамту саласынан табылыпты.

– Қозғалыс және жүк шаруашылығы бойынша 142 ескерту анықталғанын айттым. Осының ішінде 7 тыйым салу шарасын қабылдадық, 1 станция басшысы жұмыстан шеттетілді, ШЧ-да қызмет ететін 1 теміржолшының білімін қайта тексеруге жібердік. Кемер станциясының басшысы биылғы жылдың басынан бастап өздеріне бекітілген 3 754 шақырымдағы бекет блогының жұмысын бақыламаған, ай сайын осы нысанның жай-күйін талдамаған, ешқандай тексеру жұмыстары да жүзеге асырылмаған, қозғалыс қауіпсіздігінің ықтимал жағдайларын да назарға алмаған, – деп мәлімет келтірді Медет Топарбайұлы.

Тексеру барысында қозғалыс қауіпсіздігіне нұқсан келтіретін бұзушылықтар да кездескен. Мәселен, 2018 жылы Тәтті станциясының 3-ші жолын тексеру кезінде анықталған кемшілік бойынша әлі күнге тиісті тұжырымдар жасалмаған. Сондай-ақ Қордай, Еспе станцияларындағы бас және станциялық жолдардың бойлық профильдері ұзартылғаннан кейін, Алматы-1-Шу жобасы бойынша екінші жолдардың құрылысы аяқталуымен сәйкес келтірілмеген.

«Локомотив шаруашылығы бойынша 104 ескерту анықталды, 2 локомотивті пайдаланудан шеттету түрінде тыйым салу шарасы қабылданды. Вагон шаруашылығы бойынша 112 ескерту анықталды, оның ішінде 10 вагон пайдаланудан шеттетіліп, ағымдағы жөндеуден кейін қайта жөндеуге 3 вагон, деполық жөндеуден кейін 1 вагон қалды. Сонымен қатар Тараз вагон пайдалану депосының басшылары пойыздар қозғалысының қауіпсіздігін қамтамасыз ету бойынша жұмыстарды жеткілікті деңгейде жүргізіп отырмағанына көз жеткіздік. Өндірістік-техникалық бөлімде, қоймада вагондардың қосалқы бөлшектерінің қажетті саны жоқ екенін де анықталды», – деді бас ревизордың орынбасары.

Жиында саладағы өзге де олқылықтар жан-жақты талқыланып, ендігі жерде кемшілікке кеңшілік болмайтыны ескертіліп, басшылық тарапынан шешім шығарылды.

# ЗАВЕРШЕН УСПЕШНО

ОСМОТР

**В Костанайском регионе подвели итоги весеннего комиссионного осмотра. В ходе ежегодного мероприятия были проверены все 69 станций, а также порядка 30 предприятий.**



**Аслан КУДАБАЕВ,**
Костанай

Как известно, цель этого традиционного мероприятия – произвести проверку оборудования и техники после выхода из зимы. Руководители предприятий и начальники станций выявили и наметили ряд мероприятий, которые необходимо провести в рамках подготовки к лету, а также к следующей зиме. В ходе весеннего комиссионного осмотра были проверены все 69 станций региона, 2 основных и 3 оборотных локомотивных депо, 3 восстановительных, 4 противопожарных поезда, а также порядка 30 предприятий.

Как сообщил и. о. директора филиала АО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ГП» Азамат Шарсеитов, в период весеннего осмотра члены комиссии произвели тщательное обследование всех подразделений. Определили состояние инфраструктуры, подвижного состава, производственно-технических объектов, технических средств и сооружений, зданий, подъездных путей. Также проверено состояние безопасности движения и противопожарной безопасности, особое внимание уделялось исправности работы приборов, непосредственно обеспечивающих безопасность движения поездов, и противопожарных устройств.

Помимо этого, изучено состояние охраны труда.

– Здесь работа нацелена на постоянное улучшение условий охраны труда на рабочих местах, предупреждение производственного травматизма и заболеваемости, – говорит Азамат Шарсеитов. – Не менее важной задачей является оценка готовности локомотивного парка к эксплуатации в наступающем летнем сезоне. Проверили работу всех систем локомотивов.

Участники весеннего комиссионного осмотра предприняли все меры по устранению обнаруженных недостатков и нарушений, рассматривают вопросы и предложения работников, поступившие в ходе осмотра.

По словам Азамата Шарсеитова, минувшую зиму предприятия региона отработали вполне успешно благодаря тщательной подготовке, проделанной накануне зимы.

*Фото автора*

# РАБОТА НА ПЕРСПЕКТИВУ

**В Уштобинской дистанции электроснабжения выполнен текущий ремонт 5 километров высоковольтной воздушной линии автоблокировки и продольного электроснабжения, 2 километров воздушных низковольтных линий, а также ремонт и ревизия линейных разъединителей воздушной линии автоблокировки и продольного электроснабжения.**



**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы

По итогам весеннего комиссионного осмотра состояния безопасности и охраны труда, движения поездов, пожарной безопасности и экологии, выявлен ряд замечаний по содержанию устройств электроснабжения и составлены мероприятия по их устранению.

За истекший период 2021 года по узлам АО «ТАТЭК», АО «ВКРЭК» и АО «ЖРЭК» получено 20 950 тысяч кВт/ч электроэнергии. Из них объем транзита электроэнергии для энергоснабжающих организаций, таких как ТОО «Жетысу энерготрейд», ТОО Шыгысэнерготрейд» «Темиржолэнерго», «SAMGA DEVELOPMENT», «SilkWayEnergy», «AB Energo», Мангыстаусату», Алем-Павлодар», составляет 11 550 тысяч кВт/ч. Объем электроэнергии для нужд предприятий АО «НК «ҚТЖ» – 6 292 тысячи кВт/ч, объем потери электроэнергии от транзита – 2 022 тысячи кВт/ч.

На нынешний год Уштобинской дистанцией электроснабжения заключен договор по проведению экспертного обследования электроустановок с подрядной организацией ТОО «Энергоэкспертиза» для получения паспорта готовности предприятия к осенне-зимнему периоду.

В рамках подготовки к зимнему периоду 2021-2022 годов по дистанции запланированы подготовка пунктов основного и резервного питания объектов железнодорожного транспорта 5 трансформаторных подстанций, проверка состояния наружного освещения парков и станционных путей 5 узловых станций (Достык, Бесколь, Актогай, Матай, Уштобе), проверка перехода питания устройств СЦБ с основного на резервное, выполнение текущего ремонта пяти электрических подстанций напряжением 35/110 кВ, текущий ремонт зданий ЭЧ, РЭС, ПС. Также планируются ремонт дрезины АРВ, подготовка автотранспорта, доливка трансформаторного масла в оборудование, проверка обогрева электрооборудования по всей дистанции, текущий ремонт и опробование к работе 6 резервныхдизель-генераторов, обеспечение работников зимней специальной одеждой и обувью.

> **ОСНОВНОЙ ЗАДАЧЕЙ ДИСТАНЦИИ ЯВЛЯЕТСЯ РАБОТА ПО НАДЕЖНОМУ ЭЛЕКТРОСНАБЖЕНИЮ, ОСВЕЩЕНИЮ ПАРКОВ СТАНЦИИ ДОСТЫК И ПРОЧИХ ВАЖНЕЙШИХ ОБЪЕКТОВ МЕЖДУНАРОДНОГО ЖЕЛЕЗНОДОРОЖНОГО ПОГРАНИЧНОГО ПЕРЕХОДА ДОСТЫК – АЛАШАНЬКОУ.**

Надо сказать, что специалистам дистанции приходится работать в сложных климатических условиях. К примеру, на участках Актогай – Достык и Актогай – Саяк наблюдается большие суточные колебания температуры, холодная зима и жаркое сухое лето. На участке Актогай – Достык перегон Коктума – раздельный пункт №16 является ветровым участком (с порывами ветра до 40 м/сек), здесь были случаи сдува контейнеров с подвижного состава. Трассу Учарал – Достык в зимнее время закрывают на неопределенное время в связи с метелями и заносами.

Уштобинская дистанция электроснабжения протянулась более чем на 900 километров, охватив территории Алматинской и Восточно-Казахстанской областей. Она обеспечивает надежное электроснабжение парков станции Достык, пункта перестановки вагонов и прочих важнейших объектов международного железнодорожного пограничного перехода Достык – Алашанькоу.

Стоит отметить, что приграничная станция Достык с каждым годом стремительно развивается.

– В настоящее время идет работа над проектами по модернизации и реконструкции устройств электроснабжения и освещения станционных путей и горловин станции, по увеличению пропускной способности участка Достык – Актогай, – говорит начальник Уштобинской дистанции электроснабжения Биржан Ахметжанов.

*Фото автора*

# НА СТРАЖЕ БЕЗОПАСНОСТИ

ОХРАНА ТРУДА

**В Екибастузской дистанции пути и на станции Павлодар отметили День всемирной охраны труда. Железнодорожники почтили память коллег, погибших на производстве. Кроме того, провели викторины, презентовали фильм по безопасности и назвали имена лучших специалистов по безопасности и охране труда.**

**Жанара ЖУСУПОВА,**
Павлодар



Председатель профсоюзного комитета Екибастузской дистанции пути Марат Садвокасов и инженер по охране труда Зарина Свистунова помимо викторины по безопасности и охране труда для сигналистов, организовали чаепитие. Также профсоюзный комитет доставил двум бывшим железнодорожникам, которые пострадали во время работы, продуктовые корзины.

Стоит отметить, что от слаженной и правильной работы сигналистов зависит безопасность всей рабочей бригады. Екибастузским сотрудникам показали фильм о карагандинском коллеге, работавшем монтером пути. Он стал инвалидом, потеряв руку и ногу.

На станции Павлодар объявили имена лучших специалистов по безопасности и охране труда. Ими стали железнодорожники станций Екибастуз-Северный, Ерейментау и Павлодар Алтынай Джакупова, Айнур Куланбаева, Гузель Жандилдашева. За лучшее оформление кабинета охраны труда благодарственное письмо получил начальник станции Павлодар Нурлан Канатбаев. Поощрительными призами отметили 15 железнодорожников. На планерном совещании и рабочем собрании сотрудники станции Павлодар почтили память погибших коллег Минутой молчания.

*Фото автора*

## УВАЖАЕМЫЕ КОЛЛЕГИ!



На сегодняшний день в компании активно проходит процесс вакцинации наших работников от covid-19 по всему Казахстану. Мы, как социально ответственный работодатель, совместно с медицинскими организациями хотим обеспечить все условия для вакцинации наших работников и членов их семей. Как председатель Совета директоров АО «НК «ҚТЖ» и как пример для всех, я прошел вакцинацию Sputnik-ом V и чувствую себя хорошо. Моя семья так же, как и я, получила прививки.

Причина, по которой я решил сделать себе прививку здесь, в Казахстане, Sputnik-ом V, проста: мы, как руководство должны подавать пример нашим людям, всем железнодорожникам Казахстана. Мы сердечно просим Вас пройти вакцинацию и показываем пример того, что мы делаем то же самое, о чем просим вас. Почему? Потому что это единственный выход из пандемии, единственный способ защитить наших близких, наши семьи, наших друзей, наших родственников. И Sputnik V на данный момент является одной из вакцин, доступных в Казахстане, одной из хороших вакцин.

Для нас важно защитить Вас от возможной угрозы вируса, тем самым обеспечить вашу безопасность и безопасность вашей семьи. Ведь вы в свою очередь обеспечиваете безопасность железной дороги.

Я от всей души поздравляю Вас с наступающими праздниками и рекомендую использовать предстоящие выходные дни для получения вакцины и обеспечения вашей безопасности.

**Кристиан КУН,**
**председатель Совета директоров АО «НК «ҚТЖ»**

## БОЛЬШОЕ ДОВЕРИЕ НАДО ЗАСЛУЖИТЬ

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск

ДОСТИЖЕНИЕ

**За работу более 15 лет без производственного травматизма Оскеменскому эксплуатационному вагонному депо руководством АО «НК «ҚТЖ» вручило сертификат доверия в области безопасности и охраны труда первого класса.**




Получение сертификата – это свидетельство того, что на предприятии железной дороги соблюдаются трудовые права работников, обеспечены безопасные условия работы и высокая производительность труда.

– В первую очередь, это заслуга работников нашего депо, что они соблюдают все требования техники безопасности при производстве работ, что носят спецодежду, СИЗ, – считает начальник сектора по безопасности и экологии Оскеменского эксплуатационного вагонного депо Даулет Копчаков. – Конечно же, огромную роль в отсутствии производственного травматизма сыграло наше руководство, которое контролирует, как соблюдаются меры по безопасности труда, предотвращению производственного травматизма, вовремя обеспечивает спецодеждой, необходимым инструментарием. В Оскеменском эксплуатационном вагонном депо проводятся все мероприятия по технике безопасности: внеплановые инструктажи, беседы с работниками по произошедшим на железной дороге несчастным случаям, случаям, связанным с ухудшением здоровья. У нас есть первичные и повторные инструктажи – раз в полгода, для закрепления знаний, ежедневно перед началом работы проводятся целевые инструктажи. Работники своевременно проходят предсменные медицинские осмотры, перед заступлением и после смены.

Наличие сертификата подтверждает, что в течение определенного периода его обладатели освобождаются от плановых проверок по вопросам соблюдения трудового законодательства.

По данным Даулета Копчакова, сертификат первого класса Оскеменскому эксплуатационному вагонному депо вручили официально в конце апреля текущего года в АО «НК «ҚТЖ».

*Фото автора*

ТОО «Теміржолэнерго» (далее – Товарищество) уведомляет Вас о том, что в связи с предстоящим прекращением деятельности филиала «Теміржолэнерго Орталық» ТОО «Теміржолэнерго», Договора электроснабжения с потребителями (население) будут расторгнуты с 01.06.2021 года.

Вместе с тем, Товарищество предлагает Вам обратиться в энергоснабжающие организации Вашего региона (гарантирующие поставщики) с заявлением на заключение договора электроснабжения с 01 июня 2021 года.

На основании вышеизложенного, требуется погасить имеющуюся задолженность перед Товариществом по оплате за потребленную электроэнергию по состоянию на 31.05.2021 года.

Қазақстан темір жолының Орталық Ардагерлер ұйымы ұзақ жыл Тың темір жолының қаржы саласын басқарған құрметті теміржолшы, еңбек ардагері

**Сағымбаева Күлән Қазкенқызының**

қайтыс болуына байланысты марқұмның жұбайына, отбасы мен туыстарына орны толмас қайғыларына ортақтасып көңіл айтады.

Жатқан жері жайлы, иманы саламат болсын!

№30-31 (2638-2639) 07/05/2021

# ОТАН ҮШІН ОТ КЕШКЕН

**Ұлы Отан соғысы жылдары Ақмола жерінен 14723 сарбаз соғысқа аттаныпты. Солардың жартысы қан майданда ерлікпен қаза тапты. «Қырық жыл қырғын болса да ажалсыз өлмейді» демекші, туған жердің дәм-тұзы бұйырып, елге аман-есен оралған майдангерлердің бірі Жүнісбек Кәрімов биыл наурызда 95 жасқа келді.**



**Райхан РАХМЕТОВА,**
Нұр-Сұлтан

Фашистік Германия Кеңес Одағына тұтқиылдан шабуыл жасап, мұздай құрсанған әскерлерімен елдің батыс өңіріндегі елдерді бомбалай бастаған соғыстың алғашқы жылы ол 15 жасар жасөспірім екен. Елдегі ер азаматтардың бәрі жаппай соғысқа алынып, олардан майдан даласында ерлікпен қаза тапты деген қаралы қағаздар да келе бастады. Халық күңіренген күй кеше жүріп, еңкейген кәрісі де, есі кірген баласы да майдан қажетіне жаппай еңбекке жұмылдырылды.

– 1942 жылы әскерге шақыртылып, аз уақыт әскери дайындықтан өткесін бірден майданның алғы шебіне аттандық. Соғыстың нағыз ортасында, бораған оқтың астында жүргенде де бірде-бір рет жарақат алып көрмедім. 1944 жылы біздің 348-ші жаяу әскер дивизиясын Берлин қаласын алуға жіберді. Қала берік қамалға айналған, оған кіру оңай болмады. Майдандас достарымның біразы тура жеңіс сағаты таяған шақта неміс жерінде көз жұмды. Мен де жеңіске бір күн қалғанда басымнан қатты жарақат алып, госпитальға түстім, – дейді қарт майдангер.

Жүнісбек Кәрімов үшін майдандағы жорық жолдары мұнымен біттеді, жазылып шыққан соң оны Белоруссияда әскери қызметке қалдырды. Казань қаласындағы авиация әскери училищесінде инженер-механик мамандығын меңгеріп шықты да Орша қаласында қызметін жалғастырды. Осы жерден Верхоянскіге дейінгі сынақты ұшу сапарына қатысты. Бірақ кезекті бір сапарының алдында ол жүрек талмасы сырқатымен госпитальға түсіп, авиация саласының ұшқышы болам деген арманы аяқсыз қалды. Соғыс аяқталғасын алты жылдан кейін елге оралып, Қазақстан темір жолының Ақмола станциясында автоматтандыру, белгі беру және байланыс дистанциясында табаны күректей 55 жыл механик болып қызмет атқарады. Сол жерден құрметті еңбек демалысына шықты.

– Жарты ғасыр бейбіт өмірдегі еңбек майданында жүру – мен үшін үлкен бақыт. Зайыбым екеуміз қол ұстасып, 70 жыл бірге ғұмыр кештік, екі ұлды дүниеге әкелдік. Екі ұлымның үлкені Амантай ІІМ Жоғары мектебін бітіріп, біраз жыл елордада қызмет етті, кейіннен Шымкент қаласына жұмысын ауыстырды. Бірақ, осыдан төрт жыл бұрын өмірден өтті. Ал екінші ұлым Жеңіс дертке шалдығып, жас кезінде қайтыс болған. Тағы өкініштісі, осыдан екі жыл бұрын балаларымның анасынан да айрылып қалдым. Тағдырдың басқа салғаны осы екен, амал жоқ, көнесің. Ендігі тілегім ұрпағымыз мұндай қырғынды, алапатты көрмей өссін, – деді ардагер.

Жеңіс күні қарсаңында ақсақалды Астана белгі беру және байланыс дистанциясының бастығы Артур Сарсенғалиев, кәсіподақ төрағасы Қуаныш Саимов, персонал жөніндегі менеджер Әсем Дакешова бастаған бұрынғы әріптестері барып құттықтады.

Талай рет Елбасының да қабылдауында болып, құрмет пен сый көрген қарт майдангердің кеудесінде 1, 2 дәрежелі «Отан соғысы» ордені, «КСРО Маршал Жуков» және «Ерлігі үшін», тағы басқа наградалар жарқырайды.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**Ұлы Отан соғысының ардагері, бұрынғы теміржолшы Василий Сердюков биыл 95 жасқа толады. 1943 жылы Ақмоланың Сталин ауданы Богдановка елді мекенінен немере ағасы екеуі майданға аттанғанда ол небары 17 жаста еді.**



# СЕРЖАНТ СЕРДЮКОВ

**Ұлан ОРАЗ,**
Нұр-Сұлтан

Мектеп бітіргесін авиациялық училищеге түсіп ұшқыш болсам деген бозбаланың арманы орындалмады. Тосыннан соғыс басталып, бауыры екеуі Шортанды аудандық военкоматына шақырту алады. 9-сыныптан соң жүргізуші куәлігін алып үлгерген оларды Саратов облысы Хвалынск қаласының автополкына оқуға жібереді. Оны бітірген соң сержант атағын алып, ағасы екеуі Белоруссиядағы артиллериялық әскери бөлімшенің 26-ауыр миноменттік бригадасына түседі. Ол жерде «Studebaker» американдық машиналарымен 160 миллиметрлік минометті тасиды. Бұл миномет майданда 1943 жылдың басында ғана пайда болған. Соғыста жас та болса «сержант Сердюков» атанған жауынгер осындай қауіпті де қатерлі тапсырмаларды жиі орындайтын. Кескілескен шайқастардың бірінде тетелес өскен туысы, қасындағы қандыкөйлек жауынгер ағасы мерт болады.

– Минскіні, Варшаваны азат етуге қатысып, Висла, Одра, Шпрее өзендерінен өттік. Ең ауыр шайқас Берлин түбінде, қаладан 75 км қашықтықтағы Зеелов шыңдарында болды. Зеелов шыңдарында бірнеше күннің ішінде 35 мың солдат қаза тапты. Ұрыстан соң ағамның машинасын басқа біреу жүргізіп келе жатқанын көрдім, маған жақындап келіп атымды атады да, ағамның қаза болғанын айтты. «Ол қайда?» десем, «Жүк салғышта» дейді. Жүк салғышқа қарасам ағам және жаралы үш солдат жатыр. Жүргізуші менің ағамды госпитальға жақын орналасқан бауырластар бейітіне апаруға бұйрық алыпты. Жанымның бір бөлшегі үзіліп түскендей болды, – дейді әлі күнге сол оқиғаны көзіне жас алмай айта алмайтын қарт көзі жасаурап...

Майдангер үшін қанды шайқас 1945 жылы 2 мамыр күні Рейхстаг қабырғасында аяқталды. 1946 жылға дейін Германияның әскери бөлімшесінде қызмет атқарған. Әскери қызметтен босаған соң Василий Антонович Астанадан 75 шақырым жердегі Жолымбет кенішінде жүргізуші болып жұмыс істеп, сол жерде үзіліп қалған оқуын жалғастырып, 10-сыныпты аяқтайды. Новосибирск темір жол көлігі инженерлері институтына оқуға түсіп, оны бітірген соң Қарағанды темір жолындағы Бурабай бөлімшесіне жолдама алады. 1961 жылы Целиноградқа ауысып, станция бастығының орынбасары және станция бастығы болып қызмет атқарды. Алайда, уақыт өте соғыс салған жара сыр беріп, Василий Антонович денсаулық жағдайына байланысты салаға кадр дайындау ісіне ден қойып, теміржол мектебіне ауысады. Сол жерден 1990 жылы зейнетке шығады.

Бүгінде Ұлы Отан соғысының ардагері Василий Сердюков Нұр-Сұлтан қаласында тұрады. Ғасырға жасы жуықтаған қария қазір, өкінішке қарай, жалғыз тұрады. Жұбайы қайтыс болған. Балалары жоқ. Мемлекет тарапынан емханадан күтушілер, ем-домын жүргізіп кететін медбикелер бөлінген.

*Суретті түсірген Александр ЖАБЧУК*

**Шымкент қаласында тұратын Ұлы Отан соғысының ардагері Қадыр Атажанов биыл 96 жасқа толады. Жеңістің 76 жылын көруге жазған ақсақал әлі де тың, денсаулығы жақсы екен. Өкініштісі, құлағы жақсы естімей қалыпты. Десе де, күні ертең тарих болып қалатын, сұрапыл соғысты көзімен көрген куәгерден сыр суыртпақтамау күнә болар еді.**



# «БАНДЕРОВШЫЛАР» БҮЛІГІН БАСУҒА ҚАТЫСҚАН

**Жансая СЫДЫҚБАЙ,**
Шымкент

Қарт майдангерді іздеп келген бізді келіні Гүлбаһар жылы шыраймен қарсы алып, аулада жүрген атаға ертіп барды. Теміржол саласында 30 жыл кондуктор және ревизор болып еңбек еткен қария 1942 жылы 17 жасында қан майданға аттанады. Алдымен соғысқа машықтарын меңгеру үшін алты ай Түркіменстанда оқу-жаттығу дайындығынан өтеді. Жарты жылдан кейін Украина майданына түседі.

Украинадан соң Польша, Чехия, Владимир қалаларын жаудан азат ете отырып, алға жылжыған кеңес әскері құрамында Берлинге дейін барады. Соғыста жүріп аға сержант шенін алады. 1945 жылы жеңістен соң да Қадыр Атажанов әскер қатарынан босатылмай, Берлинде біраз уақыт почта бөлімінде жұмыс істеген. 1945 жылы бұлардың дивизиясын қайтадан Украинаға әкеледі. Себебі соғыс бітсе де кеңес үкіметіне қарсы шыққан «бандеровшылар» бүлігін басу қажет болады. Тек 1948 жылы елге оралған.

«Ол кез жоқ-жітік уақыт, станцияда жұмыс істейтін жігіттер «теміржол жақсы, жазғы-қысқы киім береді, жолға шығарда арыбері жүретін билет пен жалақыны уақытылы береді, көмір береді» деп мені теміржолға жетектеп апарды. Арысқа барып оқып, емтихан тапсырдым да жұмысқа кірістім. Шымкенттен Түлкібасқа дейін, одан Арысқа дейін кондуктор, кейін ревизор болдым. Қазақстан теміржолына ризамын, сол жерден өсіп-өніп, осы күнге жетіп отырмын. Еліміз аман, аспанымыз тыныш, бейбіт заманда өмір сүре берейік, соғыстың бетін аулақ қылсын», – дейді қария ақ батасын беріп.

Төрт ұл мен төрт қыздан 40-тан астам немере, 17 шөбере, 2 шөпшек көріп, ғасырға жуық жасаған қария Қазақ елінің 30 жылдық тәуелсіздігіне де аман-есен жеткеніне шүкіршілік етеді. Келіні Гүлбаһардың айтуынша, атасы өзі оқи алмағасын балаларын да, немерелерінің де бәрін оқытыпты.

«Апамыз Инабат осыдан 26 жыл бұрын қайтыс болды. Атамыз ол кезде 70 жаста еді. Балалары үйлендіреміз деп еді, қарсы болды. Бір әттеген-айы, атам әкімдіктен не үй, не көлік, не жер алуға ұмтылмады. Қарапайым болғаны соншалық , сұраншақтап сұғынбады. Әйтпесе, 8 баласы бар, артық болмас еді. 80 жасында әкімдікке барып үй сұрап еді, олар «атыңызда бес жыл ешқандай мүлік болмау керек» дегесін атамыз «қой, 85 жасаймын ба, жоқ па, кім білсін» деп бас тартты. Бірақ өзіңіз көріп тұрсыз, атамыз биыл 96 жасқа келді, әлі де болса үй берсе артық болмас еді», – дейді келіні.

Қадыр ата күн сайын теледидар қарап, газет-журнал, кітап та оқиды екен. Жас кезінде ұстаз болуды армандаған ол әлі күнге дейін географияны жатқа соғады. Немере-шөберелеріне ел-жер, су атауларын, картаның қыр-сырын үйретіп отырады екен.

Айта кетейік, Шымкент жүк тасымалы бойынша бүгінде көзі тірі тек 5 ардагер қалды. Олар: Қадыр Атажанов, Рахим Исмаилов, Қалмен Мұратов, Исамахаммет Ахметов, Кемел Аршеев. Ал Жұман Абдуллаев жуырда ғана қайтыс болды...

*Суретті түсірген автор*

# МАНЧЖУРИЯНЫ ҚОРҒАҒАН МАШИНИСТ

**Соғыс зұлматын басынан өткерген, кейінгі бейбіт өмірде болат жолдың бойында еңбек еткен Базарбай Бүрбаев – бүгінде Тараз шаһарында қалған көзі тірі жалғыз майдангер.**

**Асхат РАЙҚҰЛ,**
Тараз



Қарияның еңкіш тартқан дене бітімі болмаса, қимылы ширақ. Жанары алдындағыны ажыратады, құлағы естіп тұр, тілінен жаңылыса қоймаған. Бидай өңді жылы жүзін басқан терең әжімдер қарт жауынгердің соғыстағы шиырлаған іздеріндей көрінді... Тоқсанның алтыншы белесінде, жүзге аман-есен жетсе деп тіледік.

Тоқсан алтыға келген қарт майдангер өткенін қамығып еске алады. «Біздің замандастар не көрмеді дейсің, қарағым. Көзімізді тырнап ашқаннан көргеніміз ашаршылық болды, одан қала берді ұжымдастырудың өгіз-арбасына жегілдік. Осы көне қаланың айналасында өстім, білімге құштар едім. Оқығым келді. Құрғыр соғыс басталып кетті ғой», – дейді ойға шомып...

Небары он жеті жасында қан майданға аттанған Базарбай ата 1942 жылы алдымен ел секілді батысқа жол салмай, Қиыр Шығыстағы шекарада жасақталған 393-атқыштар полкі құрамына түскен. Минометші болып, Манчжурия, Мугден, Харбин секілді қалаларды азат етуге қатысқан. Талай рет оқ пен өрттің ортасында қалып, өліммен бетпе-бет кездесті. Жарақат алып, бірнеше рет госпитальге түскен. «Үлкен Хинган тауында өткен ауыр шайқасқа қатыстым. Сол ұрыстан соң «Қызыл Жұлдыз» орденімен наградталдым. Кейінгі ұрыстардың бірінде «Ерлігі мен қайсарлығы үшін», сосын «Жапонияны жеңгені үшін» медальдарымен марапатталдым», – дейді.

Манчжуриядан елге 1947 жылы бір-ақ оралған кейіпкеріміз бейбіт өмірде де ел экономикасын өрге сүйреуге өзіндік үлесін қосып, 1947 жылдан 1988 жылға дейін Жамбыл локомотив депосында машинист болып жемісті еңбек етіпті. «Еңбек ардагері» төсбелгісінің иегері атанды. Өмір жолында небір қиыншылық пен жоқшылықты, ашаршылықты, өлім-жітімді көп көрген қария бүгінде бес ұл, екі қызынан тараған 15 немере, одан да көп шөбересінің арасында әдемі қариялық шағын өткеруде екен.

«Соғысты көзімен көрген жанның не тілегі болар дейсің?! Бейбітшілік, бейбітшілік, бейбітшілік! Біздің тілек сол ғана. Бүгінгі, ертеңгі ұрпақ соғысты көрмесін! Соғыспасын! Елге, жерге қызмет еткеннен артық не бақыт бар?! Ұрпағымыз бақытты ғұмыр кешсін. Сонда мемлекет те өркендейді, халық та бақуатты күн кешеді», – деді Базарбай Бүрбаев ақсақал.

Жамбылдықтардың Ұлы Отан соғысы ардагеріне құрметі ерекше екенін де айта кеткен жөн. Осыдан үш жыл бұрын жергілікті әкімдік қарияға пәтер кілтін табыс еткен болатын. Одан бөлек, жыл сайын Жеңіс күні қарсаңында қарт майдангердің шаңырағына кіріп, құттықтаушылар қатары азайған емес. Бұл үрдіс биыл да жалғасын табатыны сөзсіз.

*Суретті түсірген автор*

# КОНЦЛАГЕРЬ ТҰТҚЫНЫ БОЛҒАН КАТЯ ӘЖЕЙ

**Соғыс ардагерлері сол бір сұрапыл жылдардың суретін еш ұмытпаған, тап кешегі болған оқиғадай еске алады. Осыдан-ақ олардың жүрегіне қаншалықты жазылмас жара түскенін байқағандай боласың...**

**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау



Солардың бірі биыл тоқсанға келген соғыс ардагері Екатерина Серафимқызы. Ол Мордовия елінде дүниеге келген екен. Ұлы Отан соғысы басталардың алдында әкесі Серафим 9 баласымен Карелияға көшіп келеді. Ал Карелияның батысы Финляндиямен шектесіп жатыр. Ол кезде Карелияның Совет Одағы құрамына кірген кезі еді, ал финдер жерлерін тастап қашып кеткен. Көп кешікпей неміс басқыншыларымен соғыс басталады. Кішкентай Катя ол кезде 10 жаста еді. Финдер өз жерлеріне қайтып келіп, неміс басқыншыларымен бірге сол жерді басып алады. Жан-жақтан көшіп келіп тұрып жатқан халықтың бәрі, соның ішінде Катяның отбасы түгел тұтқынға түседі. «Көрмеген қорлығымыз жоқ. «Іштен шыққан жау жаман» демекші, көп адамдар немістер жағына шығып, сатылып кетті. Бәрінен де сол өз арамыздан шыққан сатқындардың озбырлығы немістерден де асып түсті. Ұрып соғу, ауыр жұмыстарға салу, аштық... Үлкендер орманда талдарды құлатып, ағаш шапты. Біз балалар жаңқалар мен жапырақтарын жинап өртедік. Кешке сүйретіліп бараққа әрең жетеміз. Тақтай төсектерге құлаймыз. Немістер тұтқындарды адам ғұрлы көрген жоқ. Бірақ финдер немістерге қарағанда жұмсақтау еді, балаларды ұрмады, сатқындарға да ұрып, тіл тигізуге тыйым салды. Сөйтіп, Миехиккель концлагерінде 3 жыл, 3 ай болып, бүкіл қорлық пен зорлықтың бәрін көрдік. 1944 жылдың күзінде Совет солдаттары келіп, азат етті ғой» деп еске алады Екатерина Серафимқызы.

Содан кейін Екатерина асханада, госпитальда санитар, басқа да әртүрлі жұмыстар жасап, есейе береді. Азат етуге келген солдаттар арасында Гурьевтегі Ганюшкино жетімдер үйінде өскен, сондағы поселкеден әскерге барған қазақ солдаты Абсатыров Вагаф (Уап) екеуі көңілдері жарасып, қосылады. Ұрпақ сүйеді. Соғыс бітіп, бейбіт өмір басталған соң, Уап туған жері Атырауға келіп, әскери салада қызмет етеді. Күйеуінің фамилиясына көшкен Абсатырова Екатерина Атырау локомотив депосында машинистердің демалыс үйінде кезекші болып жұмыс жасап, сол жерден зейнеткерлікке шыққан. Ол фашист концлагерінің кәмелетке толмаған тұтқыны ретінде Ұлы Отан соғысы ардагерлеріне теңестірілгендер қатарына жатады және сол жеңілдіктерге толықтай құқылы. 90-ға келген соғыс және еңбек ардагерін теміржолшы әріптестері жыл сайын Жеңіс күнінде құттықтайды. Катя әжей өз өмірінен тағылымды естеліктер айтып, сол бір азапты күндерге лағнет айтады. Ол – бүгінде Атырау өңірі бойынша теміржолшы соғыс ардагерлерінен қалған көзі тірі жалғыз адам.

*Суретті түсірген автор*

№30-31 (2638-2639) 07/05/2021

# ИЗ КОГОРТЫ СИЛЬНЫХ

**За плечами Рымбека Турганбаева долгий, нелегкий жизненный путь. Через испытания, которые легли тяжким бременем на его судьбу, он прошел с достоинством. Но до сих пор эхо войны звучит в памяти убеленного сединой старца, бередит его душу и сердце.**

Елена КОЛДАСБАЕВА,
Алматы





Отзвуки войны до сих пор помнят участники сражений Великой Отечественной войны, и чем ближе 9 Мая, тем более волнующими становятся воспоминания героев тех огненных лет.

Ветеран проживает на одной из центральных улиц Алматы. Для него очень дороги знак «Почетному железнодорожнику» и фронтовое фото, которые он бережно хранит. Глядя на пожелтевший от времени снимок, Рымбек Турганбаевич снова и снова ощущает себя бравым солдатом, которому пришлось испытать все ужасы военного времени.

Рымбеку еще не исполнилось восемнадцать, когда он был принят на курсы среднего командного состава. Перед сдачей экзаменов в спешном порядке был отправлен для участия в битве на Курской дуге в составе отдельной второй Гвардейской воздушно-десантной бригады. А в 1943 году в большом наступлении по освобождению Киева бригада была высажена на берег Днепра и в тылу врага провела операцию по уничтожению фашистов.

Много повидал наш ветеран. Не забыть ему страшные картины на передовой: обстрелы, нападения, кровавые бои за каждый клочок родной земли. Помнит он, как взорвалась фашистская мина, осколками которой были ранены его боевые товарищи, как умирали его однополчане. Жуткое месиво, но кто уцелел, тот, как говорят, родился в рубашке.

Никогда не забыть январь сорок пятого. Будапешт пылал в огне, батальон Рымбека двигался в сторону Балатона, на берегу которого расположен город Моор. Началась атака, разгорелся смертельный бой. В батальоне насчитывалось шестьсот человек, после боя уцелели лишь тринадцать. Рымбек был ранен в обе ноги и отправлен в госпиталь. Второго мая, находясь в госпитале, он узнал, что жестокая война закончилась долгожданной победой.

После войны Рымбек Турганбаев вернулся на железную дорогу, устроился техником в Матайское отделение дороги, а по окончании Ташкентского института инженеров железнодорожного транспорта был направлен в Алма-Ату дежурным по путям. Затем работал дежурным по станции, маневровым и поездным диспетчером, старшим помощником начальника станции, заместителем начальника станции Алма-Ата-1.

Дважды избирался депутатом Верховного Совета Казахской ССР и членом ЦК Компартии Казахстана. Китель ветерана усыпан орденами и медалями, среди которых блистает орден Великой Отечественной войны 1 степени, 2 ордена Трудового Красного Знамени, орден Дружбы народов.

Рымбек Турганбаевич считает себя счастливым человеком. Он прошел такую страшную войну, сотни тысяч километров фронтовых дорог, считай из пекла вышел живым. Он желает, чтобы никогда не повторилась война, чтобы никому не довелось испытать ужаса, бесчеловечности и жестокости. Пусть всегда будет мирное небо над головой!

*Фото из семейного архива*

# ПОДВИГИ НЕТЛЕННЫ

**В этом году на административном здании станции Сороковая установят мемориальную доску в память об одном из ее первых руководителей – участнике Великой Отечественной войны Касене Кусаинове. Почетный железнодорожник РК, он внес большой вклад в развитие станции и вывел коллектив на передовые рубежи.**

Любовь РОВБА,
Нур-Султан



Касен Кусаинов родился 15 декабря 1925 года в колхозе Орнек Акмолинской губернии КазАССР (ныне Аккольский район) в семье рабочей интеллигенции.

На долю будущего железнодорожника выпало немало испытаний. Весть о начале войны застала его еще школьником. Едва юноше исполнилось 18 лет, как его призвали в ряды Рабоче-Крестьянской Красной Армии. Шел 1943 год. Касена направили в Ташкентское пулеметное училище, после успешного окончания которого ему присвоили звание младшего лейтенанта и отправили на передовую командиром пулеметного взвода 38-й стрелковой дивизии в составе 2-го Украинского фронта.

В кровопролитных боях молодой командир проявил исключительные стойкость и героизм, а Победу встретил, освобождая столицу Венгрии Будапешт. За проявленное на войне мужество и отвагу получил множество наград.

В 1946 году Касен Кусаинов вернулся в родное село, где создал семью и твердо решил связать свою жизнь с железной дорогой. После военного лихолетья стальная магистраль нуждалась в дисциплинированных и ответственных тружениках. В 1956 году без отрыва от производства он поступил на специальность «техник-эксплуатационник» в Акмолинский железнодорожный техникум и в 1958 году с отличием его окончил.

За годы профессиональной деятельности на Казахской и Целинной железных дорогах МПС-СССР Касен Кусаинов прошел путь от кондуктора до начальника станции. До выхода на заслуженный отдых в 1988 году был поездным диспетчером Целиноградского НОД-2 Целинной железной дороги.

Особого внимания в послужном списке ветерана заслуживает работа на станции Сороковая, бессменным начальником которой Касен Кусаинович являлся на протяжении 20 лет – с 1962-го по 1982 год. На время его руководства пришелся этап глобального развития Сороковой. Из разъезда она сформировалась в узловую станцию. Касен Кусаинов принимал непосредственное участие в строительстве двухпутных дорог в направлении Павлодара и Караганды. Статус узловой и грузовой станции Сороковая получила из-за большого грузооборота, связанного со строительством объектов Целинограда и его окрестностей, обслуживанием крупных заводов и перевозки таких стратегических грузов, как пшеница и уголь. Сегодня станция Сороковая является грузовыми воротами столицы независимого Казахстана.

Трудовой путь Касена Кусаиновича отмечен рядом отраслевых и государственных наград, поощрений и званий, в числе которых Почетный железнодорожник РК и Ветеран труда. Железнодорожнику посвящали публикации в районных и городских СМИ, а также сюжеты на казахстанском телевидении.

Выйдя на заслуженный отдых, ветеран активно участвовал в общественной жизни города. Был членом городского Совета ветеранов войны и труда, где занимался вопросами социальной защиты пожилых людей. В 1997 году именно ему была оказана большая честь – вручить ключи от новой столицы Первому Президенту РК Нурсултану Назарбаеву.

Касен Кусаинов прожил яркую и достойную жизнь. Вместе с супругой Кулпан они вырастили пятерых детей, передав им высокие нравственные устои и традиции преемственности поколений.

8 января 2006 года ветеран-железнодорожник ушел из жизни, оставив яркий след в истории железнодорожного транспорта. Он похоронен на родной станции Сороковая. В память о боевых заслугах и самоотверженном труде Касена Кусаинова его коллеги инициировали установку мемориальной доски на парадном входе в административное здание станции.

Время не властно над памятью о Великой Победе. Никто не забыт, ничто не забыто.

*Фото из семейного архива*

**С каждым годом становится все меньше ветеранов, и недалек тот скорбный день, когда 9 Мая – День Победы – мы будем отмечать без них. Сегодня в Павлодарской области проживают всего 37 участников Великой Отечественной войны. Наша задача – сохранить память о них для подрастающего поколения.**

# КАК МАЛО ВАС ОСТАЛОСЬ...





Айдана ЕРТАЙ,
Павлодар

Несмотря на возраст и любимых помощников – внуков и правнуков, ветеран Великой Отечественной войны Василий Григораш старается сам вести хозяйство в доме, так как не привык сидеть без дела, любит быть в движении.

– Мы ему говорим, что сами все сделаем, отдыхай, но он человек старой закалки. Сейчас, например, хочет покопаться в огороде, – с улыбкой рассказывает дочь фронтовика Надежда Васильевна. – Он у нас большой специалист по приготовлению вкусного борща, всех всегда накормит.

Когда началась война, Василию Григорашу было 17 лет. В 1943 году его призвали в ряды Красной Армии. Он воевал в составе 293 дивизии Забайкальского военного округа. В молодом возрасте стал свидетелем страшных испытаний.

– Помню, что каждый день бомбили, погибали боевые товарищи. Питание в то время было плохое, в мороз приходилось есть сырую картошку, – рассказывал в одном из своих интервью журналистам ветеран.

Василий Иванович получил орден Великой Отечественной войны 2 степени, медаль «За победу над Японией». В 1951 году приехал в Павлодар и поступил на работу в локомотивное депо кочегаром, спустя время окончил в Караганде дорожно-техническую школу, освоив профессию машиниста. В его трудовой книге только одна запись. Они с супругой воспитали двоих детей, четырех внуков и пять правнуков.

В Екибастузе проживают всего три ветерана – Октябрина Борисова, Михаил Криворотенко и Александр Щетчиков. Октябрина Илларионовна в 18 лет, когда началась Великая Отечественная война, добровольцем ушла на фронт, пройдя боевую подготовку и курсы медсестер. Совсем юной участвовала в самом крупном танковом сражении на Курской дуге. В 1943 году ее отправили с эшелоном во Владивосток на Тихоокеанский флот в 138-ю артиллерийскую дивизию. Участвовала в войне с Японией в батальоне пулеметчиков и артиллеристов. За храбрость, стойкость в боях за Родину, заслуги в работе награждена орденом Отечественной войны, медалями «За боевые заслуги» и «За победу над Японией», почетными грамотами. После возвращения с фронта работала в отделе рабочего снабжения железнодорожников. Победу встретила в Корее в составе батальона пулеметчиков и артиллеристов. В этом году ветеран отметит 96-летие.

*Фото из семейного архива*

**В рамках праздничного Дня Победы руководство филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Карагандинское отделение ГП» совместно с представителями профсоюзного комитета и Совета по делам молодежи посетили участника Великой Отечественной войны Григория Степенко.**

# ПРОЙДЯ ЧЕРЕЗ ИСПЫТАНИЯ



Светлана МОГАЙ,
Караганда

Совсем мальчишкой в ноябре 1942 года он был призван Лозовским райвоенкоматом в действующую армию. Григорий Петрович до мельчайших подробностей помнит, как воевал и как хоронил своих боевых товарищей. Он не может сдержать слез, когда вспоминает о пережитом военном времени.

– Во время боевых действий со свистом пролетали пули, гремели взрывы, на моих глазах гибли товарищи, с которыми час назад шел в наступление. Все это надо было пережить, – вспоминает Григорий Степенко. – Во время боя на Курско-Орловской дуге мне присвоили звание сержанта и вручили медаль «За отвагу».

Ветеран освобождал такие города, как Белгород, Орел, Харьков, Курск, принимал участие в форсировании реки Днепр со стороны города Киева, а также воевал за Кенигсберг и Варшаву. Во время освобождения города Кенигсберга получил контузию. В середине 1945 года наступили мирные времена, однако, ветерана комиссовали лишь в 1949 году.

В послевоенное время Григорий Петрович работал в колхозе, а в 1950 году по путевке поехал на работу в шахтерскую столицу. Несколько лет проработал на цементном заводе в поселке Компанейске. Затем до самой пенсии трудился на железной дороге. В 1981 году ушел на заслуженный отдых.

Но 96-летний ветеран не привык сидеть, сложа руки. По сей день он занимается активной общественной деятельностью.

*Фото автора*

# НЕСКОЛЬКО ДНЕЙ ДО ПОБЕДЫ

**Василий Снегур по-настоящему узнал, что такое война, уже после победы. Ему пришлось сражаться с японскими войсками – союзниками гитлеровцев в Монголии и Маньчжурии. Уже после боев и возвращения на Родину он трудился на железной дороге 36 лет.**

Ольга УШАКОВА,
Усть-Каменогорск



Василий Снегур родом из Сибири, из поселка Миргород Новосибирской области. Он родился в январе 1927 года в семье советских крестьян, где было пятеро детей.

В сентябре 1944 года, когда Василию еще было 17 лет, он стал курсантом в училище под Новосибирском. В мае 1945 года его уже чуть было не отправили на западный фронт, даже в вагоны они сели. Но тут пришло радостное сообщение: война закончилась! И их поезд сменил направление. Молодых выпускников новосибирского училища направили на Дальний Восток. Ближе к тем местам, где военные действия продолжались. Тяжелый бой был через несколько дней после капитуляции милитаристской Японии.

Василий Андреевич рассказывал, что ночью 3 августа 1945 года их подняли по тревоге, выдали шинели-скатки, оружие и солдаты пошли строем к границе. Совсем рядом летали военные самолеты, гремели взрывы, ходуном ходила земля.

Перейдя советско-монгольскую границу, трое суток шли по пустыне Гоби. Было очень жарко, запасы воды закончились. Многие тогда получили солнечный удар. Спустя несколько часов, когда полк подошел к небольшой реке, солдат обстреляли. Так они приняли свой первый бой.

Военные подразделения, где служил Василий Снегур, выбивали противника из гористой местности Большой и Малый Хинган, округов Цицикар, Первый Таань. Солдаты были и на Втором Таане. Они сражались с отрядами японцев. Полегло немало противников и советских солдат. Домой Василий вернулся только к концу 1945 года, а после еще семь лет служил в вооруженных силах.

Жизненный путь вывел его на железную дорогу. Сначала он переехал на станцию Аврора в Восточном Казахстане, затем перебрался в Усть-Каменогорск, на станцию Защита. Стал работать слесарем в вагонном депо, впоследствии 18 лет трудился начальником грузового двора станции Защита. Выйдя на пенсию, вместе с женой Юлией Гавриловной занимались пчеловодством, разводили домашний скот. Они воспитали троих детей.

…С тех пор, как окончилась война, в обществе многое изменилось: сама формация, запросы и взгляды на жизнь, да и ветераны очень сильно постарели, они уже не те. Но мы по-прежнему гордимся тем, что являемся потомками победителей!

*Фото автора*

№30-31 (2638-2639) 07/05/2021



# ЖАН ЖАРАСЫ ЖАЗЫЛМАС...

**Сексеуіл станциясында тұратын соғыс ардагері Талжан Байболұлы – Жеңістің 76-шы көктемін өз отбасында ұл-қызы мен немере-шөбере, шөпшектерінің ортасында қарсы алып отырған санаулы майдангердің бірі.**

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Сексеуіл станциясы

1925 жылдың шілдесінде дүниеге келген Талжан қария 1943 жылдың наурызында әскер қатарына шақырылып, Ақмола қаласында төрт айлық әскери дайындықтан өткізіледі. Қолына қару алып жүруді енді үйренген өзі секілді өрімдей жастармен бірге №872 және 701 атқыштар полкінің құрамында Қырымды, Белгияны, Украинаны, Польшаны, Чехословакияны фашистік басқыншылардан азат етуге қатысады. Қарша бораған жау оғынан аман қалып, екінші дәрежелі «Ұлы Отан соғысы» орденімен, «Германияны жеңгені үшін», т.б. наградалармен марапатталған.

Соғысты 1945 жылдың 19 мамырында Прага қаласында тәмамдаған Талжан қария елге 1950 жылдың 30 наурызында бір-ақ оралады. Содан кейінгі өмірі өзі туып-өскен Сексеуіл кентінде өтіп келеді. Сексеуіл локомотив депосының өркендеуіне сүбелі үлес қосады.

– Биыл тоқсан алты жасқа толған әкемізге мүмкіндігінше барлық жағдайды жасап жатқан кешегі әріптестеріне алғыс айтамыз. Кезінде өзі де белсене жұмыс жасаған жан, қазір теміржолшылар қауымы әрдайым әкеміздің жанынан табылып, іздеп келіп, қал-жағдайын біліп тұрады, – деп әкесінің әріптестеріне алғысын білдірді майдангердің қызы Таразы Талжанқызы.

Локомотив депосының жөндеу цехында бригадир болып жұмыс жасаған Талжан қария 1980 жылы зейнет демалысына шықса да, еңбектен қол үзбей, депоның кәсіподақ саласында сегіз жыл жұмыс жасапты. Қарт майдангердің ұрпақтары қазіргі таңда Сексеуіл кентіндегі салалық мекемелерде жұмыс жасап, әкенің салған даңғыл жолын жалғастыруда. Соғыс өрті туралы әңгіме қозғаудан қашатын қарияның бар тілегі – бейбіт өмір. Жан жарасы жазылмас деген осы, сірә...

Айта кетейік, бүгінгі таңда Қызылорда теміржолы бойынша көзі тірі үш ардагер бар. Талжан Жанасовтан басқа 97 жастағы соғыс ардагері Төлеген Жүнісов ұзақ жылдар Қызылорда белгі беру-байланыс дистанциясында механик болып жұмыс істеген. Ал соғыста медбике болған Любовь Колесник жол дистанциясының есебінде тұр. Оларға мекемелер тарапынан барлық әлеуметтік қолдау көрсетіліп отыр.

*Суретті түсірген автор*

# БАЛАЛЫҚ ШАҒЫ ҰРЛАНҒАН ҰРПАҚ

**Соғыс жылдарында ауыртпалықтың бәрі ауылда қалған әйелдер мен жас балалардың иығына түсті. Біздің кейіпкеріміз, еңбек ардагері, теміржолшы Мұхтаров Мақсот аға да осындай балалық шағы ұрланған ұрпақ өкілі.**



**Қосұйым МҰҚАШЕВ,**
Атырау

«Соғыс басталған жылы мен 6 жаста едім. Жеті жасымнан жұмыс жасауыма тура келді, оңай болған жоқ. Қойшының көмекшісі болып, 10 жасқа келгенше қозы бақтым. 10-ға толғасын арбамен тезек тасып, шаруашылықтарға шөп тараттым. Әрине, соғыс кезінде балаларды жұмыс жасауға ешкім мәжбүрлеген жоқ. Бірақ қажеттілік болды. Әсіресе, соғыстан кейін тұралап қалған ауылды, елді көтеру, қалпына келтіру жұмыстары көп күшті қажет етті. Бізге бала деп ешкім қараған жоқ, қайда жұмсаса сонда бардық, шөп шаптық, мал жайдық, егін жинадық, қолымыздан келген, келмеген жұмыстың бәрін жасадық, адал еңбек еттік» дейді тыл ардагері өткен өмірін еске алып.

Мақсот аға ұзақ жылдар сол кездегі Гурьев-2 (қазіргі Атырау) станциясында пойыз құрастырушы болып жұмыс жасаған. Жұмағалиева Жігер есімді қызбен тағдыр қосып, екеуі 5 бала тәрбиелеп өсірген. Балаларының бәрін оқытып, жоғары білім алуына жағдай жасады. Олар қоғамның әр саласында еңбек етуде. М.Мұхтаров темір жолдағы адал еңбегі үшін «Еңбек ардагері» медалін кеудесіне тақты. 2019 жылы 13 маусымдағы Ресей Федерациясы Президентінің Жарлығымен «1941-1945 жылдардағы Ұлы Отан соғысы Жеңісіне 75 жыл» мерейгерлік медалімен марапатталған. «Қай адам болса да бұл өмірге не үшін келдім деп бір ойланары хақ. Біздің халық үшін ұрпақ өрбітуден артығы жоқ. Сол ұрпақ аман болуы үшін ашық аспан, ал өсіріп-өндіру үшін еліңе аянбай еңбек ету керек. Ұлы Отан соғысы – біздің замандастарымыздың иығына түскен дәуір жүгі болар. Соны абыроймен көтере білу біздің борышымыз еді. Сол борышымызды адал атқару арқылы Жеңіс күніне де жеттік. Ешқашан халыққа соғыс ауыртпалығы түспесін» дейді Мақсот аға.

1936 жылы 5 мамырда Гурьев облысы, қазіргі Исатай ауданы Мыңтөбе ауылында дүниеге келген Мақсот Мұхтаров әке-шешеден ерте айырылып, балалар үйінде тәрбиеленген екен. Соғыс кезінде ер азаматтармен бірдей тылда еңбек еткен ол тек 1956 жылы әскер қатарына шақырылып, Чукоткада әскери борышын өтепті.

– Біз балалық шақ дегеннің не екенін білмей өскен ұрпақпыз, жазушы Дулат Исабековтің «Біз соғысты көрген жоқпыз» деген повесін оқығанда тура өз ауылымды, өз замандастарымды көргендей болдым. Иә, соғысты көрмесек те оның ызғарын жон арқамызбен сезініп өстік, – дейді тыл ардагері.

*Суретті түсірген автор*

# ҚОС АРДАГЕР – БАЙЫРҒЫ ӘРІПТЕСТЕР

**Ұзақ жылдар бойы Семей теміржолында еңбек еткен қос ардагер – бір мекемеде еңбек еткен байырғы әріптестер. Өмірден көргені, көңіліне түйгені көп қариялар жасы жүзге аяқ басса да әлі тың.**





**Қуаныш ҚОЖАЕВ,**
Семей

Дмитрий Лазаревич 1943 жылы 17 жасында соғысқа аттаныпты. Алдымен Ташкент қаласында қысқа мерзімдік әскери даярлықтан өтіп, өртке оранған майдан даласына тіке тартады. Жаяу әскерлер сапында батыс Еуропаны, Украина мен Польша жерін гитлершіл басқыншылардан тазартуға қатысыпты. Майдан даласында жүріп, қарша бораған оқ пен оттың арасында байланысшы болған жауынгер нағыз кәсіби маманға айналған. Жеңістен кейін елге оралған соң да теміржол саласында қызмет атқарып, ұзақ жылдар бойы ШЧ-29 мекемесінде радист болып еңбек еткен.

Дәл осы Семей белгі беру және байланыс бөлімшесінде тағы бір қарт майдангер бар. Басшылық пен ерікті жастар ШЧ-29 мекемесінің байырғы теміржолшысы Кәмкетай Байыровтың үйіне де жиі ат басын бұрып тұрады. Әдеттегісінше, әріптестерін теңізші формасымен қарсы алатын қарт өткен-кеткеннен қозғап естелік әңгіме шертуді жақсы көреді. Эстония, Латвия, Литва сынды Балтық жағалауы елдерін фашист басқыншыларынан азат еткен жауынгер қария Жеңіс мерекесін Дания жерінде қарсы алыпты. Қан-қасап майданның ортасынан еш жарақат алмай елге аман-есен оралған қарияның бүгінгі буынға айтары көп. Әсіресе, жау флотына тікелей жасаған шабуыл сәттерін шабытпен, кей сәттері көзіне жас ала отырып айтады. Ленинград блокадасын бұзу кезінде шейіт болған байырғы қаруластарын сағынатынын да жасырмайды.

Кәмкетай Байыров – жау шеңгелінен босаған Ленинград қаласына алғашқы болып кірген сарбаздардың бірі. Сол кездегі қаһарман қала ішіндегі жан шошырлық көріністер әлі күнге дейін есінен кетпейтінін айтады.

– Жалпы Семей магистральдық желі бөлімшесі бойынша бүгінде тек екі майдангер ғана қалыпты. Бір қызығы, екеуі де біздің мекеменің ардагерлері, бірге еңбек еткен байырғы әріптестер. Ал, қазыналы қарттың бірі, 1944 жылы небары 16 жасында теміржолда еңбекке араласқан тыл ардагері, ғұмырының 44 жылын арнаған Әнуарбек Әбділдаұлы жуырда қайтыс болды. Қос қариямызға әрдайым амандық тілейміз, – дейді ШЧ-29 басшысы Бейбіт Түменғали.

*Суреттерді түсірген автор*

# БЕЙБІТШІЛІК – БАҒА ЖЕТПЕС ҚҰНДЫЛЫҚ



**Сұрапыл соғыс жылдары бейбіт өмір үшін жан аямай күрескен ардагерлер, тарихтың тірі кейіпкерлері арамызда жүр. Қатары сиреген қариялар Жеңістің баға жетпес құнын тағы бір рет ұқтырғандай.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

Ақтөбе жүк тасымалы бөлімшесінің басшысы Бөріхан Беркімбаев мереке қарсаңында Жеңісті жақындатқан жауынгер аналарды құттықтады. Биылғы жылы коронавирус індеті салдарынан үйде отырған ардагерлердің шаңырағына бас сұғып, ақшалай көмек беріліп, тұрмыстық бұйымдар және азық-түлік себеттері таратылды.

